

## Жастар ісі жөніндегі Кеңесті құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 31 шілде N 1165. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 970 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 970 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын тиімді үйлестіру және жүзеге асыру, жастардың саяси-әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан консультативтік-кеңесші орган ретінде Жастар ісі жөніндегі Кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Кеңестің Ережесі және Құрамы бекітілсін.
3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

3 1

ш і л д е д е г і

N

1 1 6 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы

## Жастар ісі жөніндегі кеңес туралы

### Ереже

**Ескерту. Ереже жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.06.06 N 517 қаулысымен.**

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, Мемлекеттік жастар саясаты

тұжырымдамасын, сондай-ақ осы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес туралы ережені басшылыққа алады.

3. Кеңес өз қызметін Кеңестің мақсаттары мен міндеттеріне қызметі қайшы келмейтін халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен және басқа да заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

## **2. Кеңестің міндеттері, функциялары мен құқықтары**

4. Кеңестің негізгі міндеттері:  
мемлекеттік жастар саясатының;  
жастардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;  
жастарға көмек пен әлеуметтік қызметтер көрсету;  
жастардың әлеуметтік маңызды бастамаларын іске асыру жөніндегі міндеттерін іске асыруды талдау;  
мемлекеттік жастар саясатының басым бағыттарын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

5. Кеңестің функциялары:  
мемлекеттік жастар саясатын одан әрі іске асыру және жетілдіру;  
Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты мәселелері жөніндегі заңнамасын жетілдіру;  
мемлекеттік органдар мен жастар ұйымдарының өзара іс-қимылы;  
жастар мен жастар ұйымдарының халықаралық ынтымақтастығына жәрдем көрсету;

Қазақстан жастарының Жалпы республикалық форумын өткізу жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

6. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін:  
мемлекеттік органдардан, ұйымдардан Кеңес міндеттерін іске асыру үшін қажетті ақпарат пен материалдарды белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;  
Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарына мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

қажеттілікке қарай Кеңес жұмысына ғалымдарды және мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мамандарын тартуға;

орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен басқа да ұйымдардың өкілдерін Кеңес отырыстарында Кеңестің құзыретіне енетін мәселелер бойынша тыңдауға құқылы.

## **3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру**

7. Кеңес төрағасы оның жұмысына басшылық жасайды, Кеңестің отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кеңес іске асыратын қызметке, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіруге дербес жауапты болады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары атқарады.

8. Кеңес хатшысы Кеңестің жұмысын ұйымдастырады, қажетті материалдарды дайындауды жүзеге асырады және отырыстар хаттамаларын ресімдейді. Хатшы Кеңес мүшесі болып табылмайды.

9. Кеңес отырыстарына материалдар оның өткізілуіне дейін кемінде 3 күн қалғанда Кеңес мүшелеріне жіберіледі. Отырыстың күн тәртібін, сондай-ақ оның өткізілетін орны мен уақытын Кеңес мүшелерінің келісімі бойынша Кеңес төрағасы айқындайды.

10. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері Кеңес қызметіне алмастыру құқығынсыз қ а т ы с а д ы .

Кеңес шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданған болып саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қ а б ы л д а н ғ а н б о л ы п с а н а л а д ы .

Кеңес отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша оның барлық мүшелері міндетті түрде қол қоятын хаттама толтырылады.

Кеңес мүшелері айрықша пікір құқығына ие, ол білдірілген жағдайда, жазбаша түрде баяндалуға және хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

#### **4. Кеңес қызметін тоқтату тәртібі**

12. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде тоқтатады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

3 1

ш і л д е д е г і

№

1 1 6 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Жастар ісі жөніндегі кеңестің  
Құрамы**

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.04.14 N 490, 2002.04.03 N 397, 2003.08.029 N 887, 2004.04.13 N 413, 2004.07.30 N 807, 2005.05.03 N 420, 2005.11.30 N 1176, 2006.06.06 N 517, 2007.04.26 N 333, 2010.05.26 № 470, 2011.03.10 N 240 Қаулыларымен.

Жұмағұлов - Қазақстан Республикасының Білім және  
Бақытжан Тұрсынұлы ғылым министрі, төраға  
Сарыбеков - Қазақстан Республикасының Білім және  
Махметғали Нұрғалиұлы ғылым вице-министрі, төрағаның орынбасары  
Қожахмет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым  
Мадияр Дүйсенбайұлы министрлігі Жастар саясаты департаментінің  
директоры, хатшы

**Кеңес мүшелері:**

Айсина - Қазақстан Республикасы Парламенті  
Майра Арапқызы Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)  
Нұрымбетов - Қазақстан Республикасының Еңбек және  
Біржан Бидайбекұлы халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі  
Оразаев - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы  
Марат Әбілахатұлы вице-министрі  
Телебаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет  
Ғазиз Тұрысбекұлы вице-министрі  
Өскенбаев - Қазақстан Республикасының Туризм және  
Қайырбек Айтбайұлы спорт вице-министрі  
Тихонюк - Қазақстан Республикасы Құрылыс және  
Николай Петрович тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері  
агенттігі төрағасының орынбасары  
Аманғалиев - Атырау облысы әкімінің орынбасары  
Серік Қалешұлы  
Әбдірайымов - Ақмола облысы әкімінің орынбасары  
Қалижан Серікұлы  
Балаева - Астана қаласы әкімінің орынбасары  
Аида Ғалымқызы

Бектаев - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің  
Әли Кәрімұлы орынбасары

Бектұрғанов - Қостанай облысы әкімінің орынбасары

Серік Шыңғысұлы

Ғалымова - Павлодар облысы әкімінің орынбасары

Әлия Қайратқызы

Қараев - Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары

Жауымбай Амантұрлыұлы

Қырықбаев - Қарағанды облысы әкімінің орынбасары

Арман Оразбайұлы

Мұқанов - Алматы облысы әкімінің орынбасары

Серік Мейірханұлы

Мұхамедов - Қызылорда облысы әкімінің орынбасары

Мұрат Бақтиярұлы

Нұрқатова - Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары

Сара Қайыржанқызы

Түсіпбеков - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің  
Түсіпхан Түсіпбекұлы орынбасары

Төлепберген - Жамбыл облысы әкімінің орынбасары

Мейрамбек Мылтықбайұлы

Сейдуманов - Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Серік Тұрарұлы

Сүлеймен - Батыс Қазақстан облысы әкімінің  
Серік Кенжебекұлы орынбасары

Есқараев - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі  
Азамат Несіпбайұлы Заңнама департаментінің директоры

Лепеха - Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
Игорь Владимирович министрлігінің Әкімшілік полициясы  
комитеті төрағасының орынбасары

Мәйкеев - Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Мұрат Жәлелұлы министрлігінің Штабтар бастықтары  
комитеті төрағасының орынбасары

Аманшаев - Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм»  
Ермек Әмірханұлы акционерлік қоғамының президенті  
(келісім бойынша)

Боранбаев - «Студенттік құрылыс жастар еңбек  
Жақсыбай Ералыұлы жасақтарының республикалық штабы»  
мекемесінің басшысы (келісім бойынша)

- Ғиззатов - «АСК» республикалық студенттер қозғалысы»  
Тақан Талғатұлы қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім  
бойынша)
- Кулик - «ЗУБР» әлеуметтік-корпоративтік қорының  
Виталий Олегович директоры (келісім бойынша)
- Мұқажанов - «Ұлттық Дельфий Комитеті» жеке меншік  
Ұлар Оразғалиұлы мекемесінің басшысы (келісім бойынша)
- Салиходжаев - «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының  
Ескендір Валжанұлы республикалық штабы» жеке меншік  
мекемесінің басшысы (келісім бойынша)
- Сыдықов - «Қазақстан жастары конгресі» заңды  
Нұрлан Ерболатұлы тұлғалар бірлестігінің атқарушы  
директоры (келісім бойынша)
- Қуанғанов - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің  
Фархад Шаймұратұлы орынбасары
- Өрсариев - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Арын Амангелдіұлы жанындағы Мемлекеттік басқару  
академиясының ректоры (келісім бойынша)
- Хамзина - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау  
Нұргүл Қалиқызы министрлігі Ғылым және адами ресурстар  
департаментінің директоры